



Автор: Ташманова Баян Сериковна
Пән: Биология
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері
Тақырып: Мамандық әлеміне саяхат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту. Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз-өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру
Сабақтың мақсаты:	Мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін -өзі тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылардың ана тілінде еркін өз ойын жеткізуді, ашық айтуын дамыту
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың болашаққа деген нық қадам басып, мақсаттарын айқындауы.
Бағалау критерийлері:	“Үйренгім келеді” – бұл талап, тілектің, мақсат пен мүдденің, ынта мен ықыластың кеңістігі Үйрене аламын- қабілет- қарымның, таланттың, денсаулықтың кеңістігі Үйренуі керек – еңбек рыногындағы сұраныстардың, аймақтағы әлеуметтік- экономикалық даму тенденцияларының кеңістігі
Құндылықтарды дарыту:	"Мың мамандық бәрі бар - таңдап, талғап, бірін ал" деу арқылы оқушылар санасына әр мамандық иесінен сұхбатты көрсету.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ тақтасы, заманауи тәсілдер, фигуралар, ойындар.
Пәнаралық байланыс:	Педагогикалық- психологиялық
Бастапқы білім:	Оқушылардың бастапқы білімі - орта деңгейде.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Мамандық бойынша 5 топқа жіктелген. Адам-адам -мұнда мамандық иесі үшін еңбек нышаны болып басқа адам табылады, ал қызмет сипаттамасы - басқа адамдарға әсер ету, адамдармен жұмыс істеу. Мұндай мамандықтарға мұғалім, дәрігер, журналист, сатушы, заңгер, банкирлер жатады. Адам- белгі жүйесі – бұл типті жүйесі таңдаған адамдар абстрактілі ұғымдармен жұмыс жасауды білуі керек және ой- өрісті өте кең болу керек. Бұл бухгалтерлер, оқымыстылар, ЭЕМ операторлары, зертханалар мен ғылыми орталық жұмысшылары Адам- табиғат – бұл тип мамандары өлі және тірі табиғат проиестері мен құбылыстармен жұмыс істейді. Олар мал дәрігері, агроном, гидролог, механизаторлар, тракторист, эколог Адам- техника – бұл типке техникалық құрылғылармен жұмыс жасайтын ұшқыштар, матростар, электромонтерлер, слесар жатады. Адам- көркем образ – бұл типке өнер мен көркем өнерге бейім, талантты адамдар жатады. Олар архитекторлар, дизайнерлер, суретшілер, әнші, актерлер жатады	
Сабақтың ортасы	Оқушылар өзіне ұнаған геометриялық фигуралардың кез келгенін таңдауы тиіс. Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиеті, қабілетті білдіреді. Әрқайсымыз өзімізді танып көрелік.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	2.Белгілі бір кәсіптің иесі болу үшін, міндетті түрде жоғары білім алу қажет пе? 3.Әрбір жеке адам бақытты болу үшін, тоқшылықта өмір сүру үшін не істеу керек? 4.Жақсы маман болу үшін адам нені білуі және үйренуі керек? 5.Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыздар? 6. Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?	
Рефлексия	Мұғалімдер өз ой- пікірлерін білдірді.	